



БҮЙРЫҚ

2018 ж. 4 шілде

№ 05/18

ПРИКАЗ

№ 498

г. Астана

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 1-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 7), 9) тармақшаларына, 76-бабының 3, 4-тармақтарына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Жарғысының 49-тармағының 9) және 11) тармақшаларына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 2018 жылғы 17 мамырдағы № 05/18 хаттамасының № 2 сұрағының 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Мына мекенжайы бойынша: Қазақстан Республикасы, Z05T2H3, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А ғимараты, БСН 130540020197 орналасқан «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам), 2018 жылғы 30 наурыздағы «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тәуелсіз аудиторларымен дұрыстығы дәлелденген, қоса беріліп отырған 2017 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жекелеген) бекітілсін.

2. 2017 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның қарапайым акцияларына дивидендтер төленбесін.

3. 2017 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның 43 587 540 мың теңге (шоғырландырылған), оның ішінде 14 823 276 мың теңге (жеке) мөлшеріндегі таза табысы Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға бағытталған жаңа жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруға жіберілсін.

4. Қоғамның Басқарма төрағасы А.Ә. Әріпханов 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жыл ішіндегі Қоғамның жылдық қаржы есептілігін және 2017 жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді есептемеу және төлемеу туралы ақпаратты

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және таратуға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрі



Ж. Қасымбек